

Мектеп директоры



«Бекітемін»

2025 ж.

Д. Жунусова

**«Ақмола облысы білім басқармасының
Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Жаңатұрмыс ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Академиялық адалдық және жасанды интеллектіні
этикалық қолдану жөніндегі этикалық кеңестің
жұмыс жоспары**

№	Қаралатын мәселелер	Мерзімі	Жауаптылар
1	1. ЖИ-ді (жасанды интеллектіні) этикалық қолдану жөніндегі Кеңестің рөлі мен міндеттері. 2. ЖИ пайдалану кезінде этикалық мінез-құлық кодексін әзірлеу.	Қыркүйек	Төрайым
2	1. Педагогтарға арналған «Жасанды интеллектпен жұмыс істеу кезіндегі этика және қауіпсіздік» атты семинар. 2. Педагогтардың цифрлық және этикалық сауаттылық деңгейін диагностикалау.	Қараша	Педагог-психолог Годлевская А.А.
3	1. Оқушыларға жасанды интеллектіні қауіпсіз пайдалану бойынша оқыту іс-шараларын өткізу. 2. «Оқушылар көзімен жасанды интеллект» атты жоба байқаулары.	Наурыз	ЖИ енгізуге жауапты тұлға
4	1. Оқу процесінде ЖИ құралдарын пайдалану мониторингі, «Жасанды интеллект: пайдасы мен тәуекелі» атты дөңгелек үстел өткізу.	Мамыр	Төрайым

Мектеп директоры  Д. Жунусова
« 24 » 2025 ж.



**«Ақмола облысы білім басқармасының
Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Жанатұрмыс ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
жасанды интеллектіні енгізу жоспары**

1. Мақсат

Оқушылардың ХХІ ғасыр дағдыларын, цифрлық сауаттылығын және білім сапасын арттыру мақсатында жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын пайдалана отырып, оқыту мен тәрбиелеудің заманауи жағдайларын жасау.

2. Міндеттер

- Педагогтар мен оқушылардың цифрлық құзыреттілік деңгейін арттыру;
- ЖИ құралдарын оқу процесіне және мектеп басқаруына енгізу;
- Цифрлық технологиялар арқылы оқытуды жекелеңдіру жағдайларын жасау;
- Оқушыларда деректермен жұмыс істеу, талдау және сыни ойлау дағдыларын дамыту;
- Оқу жетістіктері мен үлгерімді бақылаудың тиімділігін арттыру.

3. Іске асыру кезеңдері

I кезең. Дайындық кезеңі (2025 жыл):

- Мектептің цифрлық дайындық деңгейін диагностикалау;
- Педагогтарға ЖИ құралдарымен (ChatGPT, Copilot, Khanmigo және т.б.) жұмыс істеу негіздерін үйрету;
- Мектептің цифрлық трансформациясы жөніндегі жұмыс тобын құру;
- Локалдық актілерді әзірлеу (Академиялық адалдық кодексі, ЖИ қолдану жөніндегі этикалық кодекс).

II кезең. Енгізу кезеңі (2025–2026 жж.):

- ЖИ платформаларын оқу материалдарын, тесттер мен жаттығуларды генерациялау үшін пайдалану;
- «Жасанды интеллект және технологиялардың болашағы» тақырыбында элективті курстар мен үйірмелер енгізу;
- Оқушылардың ЖИ қолдану арқылы жобалық қызметін ұйымдастыру;
- ЖИ-ассистенттерді пайдалана отырып сабақтар өткізу.

III кезең. Талдау және түзету кезеңі (2026 жыл және одан кейін):

- Оқу процесіне ЖИ енгізудің тиімділігін мониторингтеу;
- Оқушылардың үлгерімі мен белсенділігін талдау.

- Бағдарламалар мен жұмыс әдістерін түзету;
- Педагогтардың озық тәжірибесін жинақтау және тарату.

4. Енгізу бағыттары

Бағыт	Пайдалану үлгісі
Оқу процесі	Интерактивті тапсырмалар мен жекелендірілген тесттер жасау, үй жұмыстарының автоматты тексерісі
Әкімшілік басқару	Үлгерім деректерін талдау жүйелері, оқу нәтижелерін болжау
Педагогикалық қолдау	Әдістемелік материалдар, сабақ жоспарлары мен көрнекіліктерді генерациялау
Сабақтан тыс іс-шаралар	Робототехника, бағдарламалау үйірмелері, ЖИ қатысуымен зерттеу жобалары
Ата-аналармен өзара байланыс	Баланың жетістіктері туралы автоматты есептер, кері байланысқа арналған чат-боттар

5. Күтілетін нәтижелер

- Оқытудың сапасы мен жекелендіру деңгейінің артуы;
- Педагогтардың оқу материалдарын дайындауға жұмсайтын уақытының қысқаруы;
- Оқушылардың заманауи цифрлық технологиялармен жұмыс істеу дағдыларының дамуы;
- ЖИ-ді қауіпсіз және этикалық тұрғыда қолдану мәдениетінің қалыптасуы;
- Білім беру процесін басқарудың тиімділігінің өсуі.

6. Қажетті ресурстар

- Компьютерлік және желілік жабдықтар, интернетке қолжетімділік;
- Білім беру бағытындағы ЖИ-платформаларға жазылымдар немесе қолжетімділік;
- Педагогтардың біліктілігін арттыру;
- Әдістемелік және техникалық қолдау.

7. Бақылау және тиімділікті бағалау

- Педагогтар мен оқушылардың цифрлық сауаттылық көрсеткіштерін мерзімді мониторингтеу;
- Үлгерім мен цифрлық белсенділікті талдау;

Қатысушылардан сауалнама және кері байланыс алу;
Мектепте ЖИ енгізу бойынша жыл сайынғы есеп дайындау.

«Ақмола облысы білім басқармасының
Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Жаңатұрмыс ауылының жалпы білім беретін мектебі» КММ
Академиялық адалдық және жасанды интеллектіні
қолдану жөніндегі
Этикалық кеңестің отырысы
№1 ХАТТАМА

2025 жылғы 3 қыркүйек

Қатысқандар: Жунусова Д.М., Абулгазина А.Н., Құсаинова Г.Г., Құсаинова Г.Т., Годлевская А.А., Тәуей Р., Бестаева Н.

Қатыспағандар: жоқ.

Күн тәртібі:

1. Мектептегі жасанды интеллектіні этикалық қолдану жөніндегі Кеңестің рөлі мен міндеттері туралы.
2. Жасанды интеллектіні пайдалану кезінде этикалық мінез-құлық кодексін әзірлеу туралы.

Тыңдалды: мектеп директоры **Жунусова Динара Музафаровна** баяндама жасады. Мектептің бұйрығымен академиялық адалдық пен жасанды интеллектіні қолдану жөніндегі Этикалық кеңес құрылды.

Кеңестің мақсаты – мектептің білім беру іс-әрекетінде жасанды интеллект технологияларын қауіпсіз әрі жауапты түрде пайдалануға бірыңғай тәсілді қалыптастыру.

Кеңестің негізгі міндеттері:

- Оқыту мен басқару барысында ЖИ пайдалану кезінде этикалық қағидаларды сақтау;
 - Оқушылар мен қызметкерлердің жеке деректерін қорғауды қамтамасыз ету;
 - Педагогикалық тәжірибеде ЖИ қолдану жөнінде ұсынымдар әзірлеу;
- Мұғалімдер мен оқушылардың цифрлық және этикалық нормалар жөніндегі білім деңгейін арттыру.

Кеңес отырыстары тоқсан сайын өткізіледі.

Тыңдалды:

Кеңес төрайымы Құсаинова Гульзат Толобаевна: сіздің назарыңызға академиялық адалдық кодексі мен білім беру қызметінде ЖИ қолданудың этикалық кодексінің жобалары ұсынылды. Бұл құжаттар жасанды интеллектіні енгізу барысында туындайтын этикалық мәселелерді реттейді.

Академиялық адалдық кодексі академиялық адалдықтың негізгі ұғымдары мен қағидаларын, олардың мақсаттары мен міндеттерін айқындайды, білім

Этикалық кодекстің мақсаты — білім беру қызметінде генеративті жасанды интеллект технологияларын пайдалану кезінде айқын этикалық нормалар мен ережелерді белгілеу болып табылады.

ЖИ енгізудің тиімді стратегиясын әзірлеу жаңа технологиялардың артықшылықтарын барынша пайдалануға және ықтимал тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді.

Мектеп әкімшілігі білім беру процесіне қатысушылардың ЖИ-дің жұмыс қағидаттары, шектеулері мен қолдану ережелері туралы хабардар болуын қамтамасыз ету міндетін өз мойнына алады.

Шешілді:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.
2. Жасанды интеллектіні қолдану жөніндегі Этикалық кодексті бекіту.
3. Академиялық адалдық кодексін бекіту.

Кусаинова Г.Т.
Абулгазина А.Н.

